

«АйКүн» бөбекжай - балабақшасының

Ортаңғы тобына арналған

«Қош келдің - әз Наурыз!»

Тәрбиеші: Бердонғарова А.Ж

Ақтөбе 2025ж

«Қош келдің, Өз Наурыз!»

Ортаңғы топ: Балапан

Мақсаты: Балаларды Наурыз мерекесінің мәнімен таныстыру, ұлттық салт-дәстүрге құрмет сезімін қалыптастыру, ән, би, ойын арқылы мерекелік көңіл күй сыйлау.

Мерекенің барысы

(Зал ұлттық нақышта безендірілген. Киіз үй, ою-өрнектер, ұлттық бұйымдар қойылған. Көңілді күй ойнап тұрады. Балалар қазақтың ұлттық киімдерімен залға кіреді.)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, аяулы ата-аналар!

Көктемнің шуақты мерекесі – Ұлыстың ұлы күні Наурыз құтты болсын!
Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, бірлік пен татулықтың мерекесі. Бүгін бәріміз бірге ән айтып, би билеп, ойын ойнап, меркемізді көңілді қарсы алайық!

Балалардың тақпақтары

1-бала:

Наурыз келді далама.

Наурыз келді қалама.

Қуанышпен қарсы алып,

Шаттанайық бәріміз!

2-бала:

Армысың, өз Наурыз.

Берекелі мерекем!

Ақ мол болсын әр үйде,

Бақ қонсын бар елге!

3-бала:

Күн жылынды, қар еріді,

Гүлдер жайнап ашылды.

Наурыз келіп төрімізге,

Қуанышқа бөлендік.

4-бала:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Береке мен бақ келсін,

Әр шаңырақ шат болсын!

Ән «Наурыз келді»

Би «Қара жорға» немесе «Көктем» биі

Ортаға Қыдыр ата келеді

Қыдыр ата:

Армысындар, балалар! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Барлығыңа зор денсаулық, бақыт, білім, қуаныш тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ойын: «Арқан тарту»

Балалар екі топқа бөлініп, көңілді жарысады.

Ойын: «Асықты дәл түсір»

Балалар асықты белгіленген шеңберге дәл түсіруге тырысады.

Ән «Көктем»

Ортақ тілек

Барлық балалар бірге:

Наурыз құтты болсын!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қорытынды

Жүргізуші: Құрметті қонақтар! Бүгінгі мерекемізге келгендеріңізге рақмет! Баршаңызға зор денсаулық, молшылық, бақыт тілейміз! Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке әкелсін!

